

БІЛІМ БӘСЕКЕСІНДЕГІ ЕҢСЕСІ БИІК ОРДА

XXI ғасыр – білім мен ғылымның жедел дамуын, заманауи және халықаралық стандарттарға сай өркендеуін талап ететін кезең. Осы орайда ақпараттық-инновациялық технологиялар жан-жақты жедел іске қосылып отыр. Сондықтан бүгінгі білім беру саласы мен білім беру мекемелеріне қойылып отырған талап пен жүктелген міндеттер де жоғары.

Іргетасын тәуелсіздікпен бірге қалаған Ақтөбе қаласындағы Үш тілде оқытатын №21 орта мектеп-гимназиясы – білім мен тәрбиенің біртұтастығын сақтап келе жатқан іргелі білім ордасы, киелі шаңырақ. Мақсат – бірнеше тілді меңгерген, рухани және мәдени білім деңгейінде әлеуметтік бейімделген зияткер тұлғаны дамыту және қалыптастыру.

Жас ұрпақтың жаңаша ойлануына, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуына, әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал етіп отырған мектеп-гимназиясы республикамыздағы үздік мектептер қатарында тұрған білім ордасы болып отыр. Бұған дәлел, 2006 жылы Республикалық «Білім ұясы» конкурсында жүлдегер атанып, «Білім ұясы: Болашақтың мектебі» атағын иеленді. 2011-2012 жылдары Білім және ғылым министрлігінің «Алғыс хатымен», «Құрмет грамотасымен» марапатталды. 2008-2011 жылдар аралығында педагогикалық жетістіктердің конкурс – марафонында «Облыстың ең үздік



Маржанкүл ТОЙШЫМАНОВА

инновациялық мектебі» атанып, облыс әкімінің грантын иеленді. 2013 жылы республикалық «Орта білім беретін үздік ұйым» грантын жеңіп алды. 2017 жылы "Үздік мамандандырылған білім беру ұйымы 2017" республикалық конкурс жүлдегері атанды.

Қалалық білім беру саласының мониторингі бойынша білім ордасы 2009-2016 жылдар аралығында жеті жыл қатарынан 1-орынды жеңіп алды. 2018 жылы облыстың «Орта білім беретін үздік ұйымы» атанып, облыс әкімінің грантына ие болды.

ДАРЫНДЫ ОҚУШЫҒА – ТАЛАНТТЫ ҰСТАЗ

Мектеп-гимназиясындағы әрбір жетістік үлкен еңбекпен келіп жатқаны анық. Тәуелсіз еліміздің

мемлекеттігін нығайтуда өлшеусіз үлес қосып, білім беру жүйесінде жүргізіліп жатқан реформаларды жүзеге асыру үшін кәсіби шеберлікпен еңбек етіп жүрген ұжымның педагогтері әрбір оқушыға үлкен білім қорын жинауға, өмірлік маңызды дағдыларға бейімделуге, олардың өмірден өз жолын табуға бар мүмкіндікті жасап келеді. Қазіргі таңда білім ордасында 1600-ден астам шәкірт тәлім-тәрбие алып отыр. 106 ұстаз шәкірттерге білім береді.

Ұстаздық өмір жолында өзіндік жоғары біліктілігімен, жауапкершілігімен ерекшеленіп жүрген ұстаздарды атап өтуге болады. Биология пәнінің мұғалімі Тоты Тәжібайқызы Бисембаева – «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі», «Аға мұғалім» төсбелгілерінің және «Білім беру ұйымының үздік педагогі», «За вклад в развитие образования» медальдерінің иегері. Тәжірибелі

ұстаз «Шағын жинақы мектептің біріктірілген сыныптарында биология пәнінен мазмұны ұқсас тақырыптарды кіріктіре-оқыту» бағдарламасы мен оқу-әдістемелік құралын шығарды. Облыс мектептері арасында биология пәні бойынша «Шығармашылық шеберхана» орталығының жетекшісі. Шәкірттері – Венгрия, Ресейде, Байқоңыр қаласында өткен халықаралық байқаулардың, республикалық, облыстық ғылыми жобалар қорғаудың жеңімпаздары.

Ағышын тілі пәнінің мұғалімі Жанат Мақсатқызы Ұлықпанова – халықаралық көлемде танылып жүрген ұстаз. Биылғы оқу жылында Иллинойс штатындағы Чикаго қаласында өткен TESOL конференциясына қатысып келді. «TESOL» халықаралық ассоциациясы – бұл кәсіби мақсаттарды іске асыруға бағытталған әлемдегі ең үлкен шет тілі мұғалімдерінің қауымдастығы. Ж.М. Ұлықпанова конференцияға қатысу үшін Қазақстандағы АҚШ елшілігінің аймақтық ағылшын тілінің кеңсесінен грантты иеленді. Ол конференцияда «The Go To Strategies: Scaffolding Options for Teachers of English Language Learners» тақырыбында тренинг өткізді. Талантты ұстаз педагогтердің білім саласындағы ағылшын тілін шет ел тілі ретінде оқып-үйренудегі белсенділігін арттыру мақсатында ұйымдастырылған XI, XIII, XIV халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардың белсенді қатысушысы. Шәкірттері Ж.Түлейтаева, Д. Сарышева, Ө.Жарылғапова Американдық Кеңестің Халықаралық «FLEX» алмасы



бағдарламасы бойынша АҚШ-та бір жыл оқып келді.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру бағытында зерттеу жұмысымен айналысып жүрген бастауыш сынып мұғалімі Жұмагүл Бақтыбайқызы Бегалинаны атап өтуге болады. Ұстаздың «Бастауыш сыныптарда математикалық функционалдық сауаттылықты жетілдіру» тақырыбында құрастырған авторлық бағдарламасы республикалық «Үздік авторлық бағдарлама» конкурсында жоғары бағаланып, II дәрежелі «Дипломмен» марапаттады. Ол бірнеше жыл қатарынан облыстық математикалық олимпиада, сайыстардың әділқазы мүшесі болды. Республика көлемінде танымал ұстаз – «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісінің иегері.

Халқымыздың ұлттық дәстүрінде ұмыт бола бастаған үлкен өнердің бірі – киіз басу өнері. Ата-бабамыздан келе жатқан асыл мұраны ұрпаққа заман талабына сай жаңа әдіс-тәсілдермен үйрету мақсатында құрылған «Сәндік қолданбалы өнер» үйірмесі мектепте 15 жылдан бері жұмыс жасап келеді. Бұл үйірмені киіз басудың түрлі техникасы мен технологиясын меңгерген технология пәні мұғалімі Ақжарқын Сахипқызы Ахметкереева жүргізеді. Шәкірттері киізден тұрмысқа қажетті әртүрлі бұйымдар жасаумен қатар, түрлі сайыс, байқауларға қатысып жүр. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде «Ұлттық қолөнер – бабалар мұрасы» атты республикалық байқауда оқушылары жеңіске жетіп, шебер ұстаз «Алғыс хатпен» марапатталды. Шығармашыл оқушылары – республикалық «Көктемнің алғашқы мерекесі», «Ұлттық қолөнер – бабалар мұрасы», «Біз бейбітшілікті қолдаймыз», «Әкеме жүректен шыққан сыйлық», «Эксклюзивная бижутерия» байқауларының жүлдегерлері.

Осы ұстаздардың қатарын әрі қарай жалғастыруға болады. Олар Р.Т. Оразова, Н.Қ. Махамбетова, С.Ж. Сарсенбаева, Ж.А. Насрадинова, А.М. Аниева, С.К. Атамбаева, Г.Ж. Жақанова, Б.Ә. Керімбай, Р.Т. Баекешова, Н.К. Меделбаева, Ж.К. Тлепиева, Ж.С. Убниязов, М.Д. Естөре, З.С. Байдуллина, А.О. Жұбаева және т.б.

Шәкірттің жеңісі – ұстаздың беріліп істеген еңбегінің жемісі. Мектеп оқушылары орта буынның өзінде-ақ



республикадағы дарынды балаларға арналған зияткер мектептердің конкурсынан сүрінбей өтіп, білімдерін Н.Ә.Назарбаев Зияткерлік мектептерінде, «Білім-инновация» лицейінде жалғастырып жүр.

Мектеп қабырғасында оқушылардың шығармашылық, ізденіс зерттеу жұмыстары жақсы жолға қолға қойылған.

Мектеп-гимназия оқушылары өз республикалық, халықаралық жарыстарда бақтарын сынап келеді. Сонымен қатар гимназия білім алушылары – XVII халықаралық «Компьютерлі физика» және IX халықаралық «Ғылым әлемін ашамыз» сайысының, халықаралық математика пәнінен «EUROMATH» ғылыми конференциясының, халықаралық «Математика и проектирование» ғылыми конкурстарының, республикалық «Зерде» шығармашылық жоба қорғау сайыстарының, пәндік олимпиадалардың бірнеше мәрте жүлдегерлері.

ЖАС МАМАНДАР – БОЛАШАҚТЫҢ ІРГЕТАСЫН ҚАЛАУШЫЛАР

Елбасымыздың

«Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Жолдауы жастардың болашағына үлкен серпін беріп, олардың келешекке деген көзқарастарына зор сенім ұялатты. Елдің болашағын, тәуелсіздік тұтқасын ұстайтын, Елбасының стратегиялық мақсатын іске асыратын да осы жастар екені даусыз. Еңбек жолын мектеп-гимназиясынан бастаған жас мамандардың сапалы сабақ берулерімен қатар қоғамдағы түрлі іс-шараларға белсене қатысулары көңіл қуантады.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің түлегі, «Үздік студент» алтын медалінің иегері, математика пәнінің мұғалімі, магистр Досбол Ерболатұлы Яхия – «Ақтөбе пікірталас одағының» мүшесі, Республикалық, облыстық



телеарналардағы «Мінбер», «Ойталас», «JASTAR» бағдарламаларының спикері, гимназияның «Жалынды жастар» клубының жетекшісі. «Мәңгілік ел жастары – индустрияға» мемлекеттік бағдарламасы аясында өткізілген сайыстардың бірнеше дүркін жеңімпазы.

Ерболат Маратұлы Дугаев мектептің арнайы жабдықталған IT класында оқушыларға роботты техниканың құрылғыларымен таныстыра отырып, роботтарды модельдеу және бағдарламалау жұмыстарын, құрастыру дағдыларын меңгертеді. Жас маман робот техникасының қырсырын жетік меңгерген. Ол – облыста өтетін робототехникадан Өңірлік олимпиадасының төрешісі, техника ғылымдарының магистрі. Шәкірттері робототехниканың облыстық чемпионатының жүлдегерлері.

Дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің арасынан көзге түсіп жүрген жас мамандардың бірі – Манас Жаңатайұлы Жанабергенов. Футболдан Қазақстанның үш дүркін чемпионы, жеңіл атлетикадан облыс чемпионы, жеңіл атлетикалық ERG run fest марафонының чемпионы, шебер бапкер мектептің «Жас футболшылар» үйірмесін жүргізеді. Оқушылары облыс, қала көлеміне танымал. Бірнеше мадақтамалары бар өз ісінің шебері әлі де шәкірттерімен бірге талай асуларды бағындыратынына сенемін.

Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі жас маман Назгүл Тойшыбайқызы Нурабаева қаладағы Жастар ісі жөніндегі комитеттің «Қала тұрғындарын

ағылшын тілін тегін үйрету» жобасы аясында қала тұрғындарына тіл үйретіп жүр.

ҮШ ТІЛДЕ БІЛІМ БЕРУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Елімізде білім берудің жаңа жүйесі дайындалып, әлемнің білім беру кеңістігіне енуге батыл қадамдар жасалында. Сол қадамдардың бірі – үштілділікті дамыту. Осы мақсатты жүзеге асыру барысында республика көлемінде үш тілді білім беру бағдарламасы бойынша іс-тәжірибемізді таратып келеміз. 2017 жылы «Жаңа мазмұнды білім беру философиясы арасындағы көптілділік және инновациялық идеялар» тақырыбында республикалық оқу-әдістемелік семинары өтті. Семинар барысында мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы сабақтар ағылшын тілінде көрсетілді. Үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептердің типтік оқу жоспарына сәйкес үш тілді кластарда жаратылыстану-математика пәндері: биология, химия, физика, информатика ағылшын тілінде жүргізіледі. Математика, биология пәндері 7-кластан бастап ағылшын тілінде, орыс тілі мен әдебиеті орыс мектебінің бағдарламасына сай өткізіледі. Аталған кластарға сабақ беретін информатика және физика пәні мұғалімдері «Билингвалды пән мұғалімі» бойынша курстан өткен. Бұл салада еңбек етіп жүрген ұстаздар Т.Е. Кенжебаева, Г.А. Жалғасбаева, А.Б. Жолдыбаева,

М.И. Тұрмағамбетова, Г.Қ.Әли,
Ж.Т.Тағыберген.

Сонымен қатар оқушылар ортасында тілдік ортаны қалыптастыру мақсатында «Funny English», «Welcome to...» үйірмелері жұмыс істейді. Жыл сайын жазғы демалыста мектеп жанынан тілдік лагерь ұйымдастырылады. Оқушылар демалумен қатар, ағылшын тілінде түрлі іс-шаралар өткізеді.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ: ІЗДЕНІС ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ

Қазіргі таңда жаңартылған білім беру мазмұны бойынша жүргізіліп отырған оқу үдерісі ұстаздар қауымынан жоғары біліктілікті, жаңашылдықты талап етеді. Осы негізде мектеп-гимназиясында ғылыми-әдістемелік қызметтің жаңа моделі құрылды, сондай-ақ пәндер бойынша қауымдастық топтар жұмысын бастады. Мақсат мұғалімдердің көшбасшылық бастамаларын ынталандыру, шығармашыл мұғалімдер тобының жобасы негізінде сабақ сапасын дамыту, сабақты зерттеу дағдыларын және бағалау құралдарын әзірлеу.

«Жаңартылған білім беру мазмұнына көшу кезеңіндегі оқытудың жаңа стратегиялары: әдістемелік тәжірибе», «Тәжірибедегі қалыптастырушы бағалау» атты облыстық, қалалық семинарлар өткізілді. Гимназия ұстаздары пәндер бойынша бейне-сабақтар, бейне-дәрістер көрсетіп, «Педагогикалық идеялар панорамасы» республикалық конкурсының облыстық, республикалық кезеңдерінде жеңімпаз атанды.

Республикалық «Дарын» ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен «Педагогикалық идеялар» фестиваліне бастауыш сынып мұғалімдері инновациялық тәжірибесін тарату мақсатында «Дүниетану пәні бойынша қалыптастырушы бағалау тапсырмаларының электронды әдістемелік құралы», «Бастауыш сы-

нып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытудағы үйірмеге жаңа көзқарас» тақырыбында дайындаған бағдарламалары республикалық кезеңге жолдама алды.

Білім ордасы Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті ғалымдары мен оқытушылары, оқулық авторларымен «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» рухани идеясын жүзеге асыру аясында өткізілген тіл мамандарының «Оқулық – ұлттық кодты сақтау көзі» облыстық форумына қатысты. Форумда жаңартылған білім беру мазмұнындағы оқулықтардың бүгіні мен болашағы жөнінде дөңгелек үстел өткізілді, баяндамалар оқылды. Нәтижесінде Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетімен мектеп-гимназиясы ынтымақтастық меморандумына қол қойды.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – ЕЛДІК ЖАҢҒЫРУ НЕГІЗІ

Бүгінгі таңда еліміздің ғалымдары мен ақпарат құралдары арасында кеңінен талқыланып жатқан мәселелердің бірі – қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру. Елбасы 2017 жылдың сәуір айында «2025 жылға қарай іс-қағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды, бәрін де латын әліпбиімен басып шығара бастауға тиіспіз. Ол кезең де таяп қалды. Сондықтан біз уақыт ұттырмай, бұл жұмысты осы бастан қолға алуымыз керек, – деп тапсыр-

ма берген болатын. Осы бағытта латын графикасының тиімділігі мен артықшылығы жөнінде мектеп-гимназиясының педагогтері мен оқушылары арасында «Латын графикасына көшу – заман талабы», «А. Байтұрсынов – тілтанушы ғалым» тақырыптарында ғылыми конференциялар өтті. Конференцияда латын графикасына көшкен түркі тілдес мемлекеттердің тәжірибесі, жаңа заман талабына сәйкес елдің рухани жаңғыруындағы рөлі жөнінде талқыланды. «Жалынды жастар» клубы «Бұл палата латын қарпін қолдайды» атты дебат өткізді. Биылғы оқу жылында латын графикасында жазуға үйрететін педагогтерге арналған курс өз жұмысын бастады. Сонымен қатар мектептің әдістемелік бірлестік жұмыстарының бір бөлімі осы жұмысқа бағытталды. Мысалы, математика бірлестігі мұғалімдері жоғары буын оқушыларымен бірге «Латын графикасына көшудің интернет жобасы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Жаңа қазақ әліпбиін насихаттау, елдің арасында таныстыру мақсатында ұйымдастырылған республика көлеміндегі жалпыхалықтық диктантқа мектеп-гимназиясынан 100 оқушы қатысты.

ІТ-КЛАСЫ АШЫЛДЫ

Еліміздегі өндірістік құрылымдар мен әлеуметтік салаларды және білім беру мекемелерін жаппай цифрландыру, цифрлық сауат-



тандыру деңгейін көтеру мақсатында мектебімізде IT-класс ашылды. Бұл класс соңғы үлгідегі компьютерлермен және 3D-принтерлермен, жоғары жылдамдықтағы интернетпен, сонымен бірге қажетті веб-бағдарламалармен жабдықталған.

Мұндағы бірінші міндет жас жеткіншектерді программалау тіліне жаттықтыру болса, екіншіден роботты техникамен жұмыс істеу дағдыларын да берік орнықтыруға негіз қалай алады. Заманауи жобаның жүзеге асуына «Нұр Отан» партиясы бастамашы болып отыр.

МЕКТЕП ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ – КӘСІБИ ТАБЫС КЕПІЛІ

Бүгінде мектеп-гимназиясы жоғары деңгейге қол жеткізген, әлемдік оқыту әдістемелеріне негізделген Назарбаев Зияткерлік мектептерінің іс-тәжірибесін басшылыққа алуда. Білім ордасымен семинар, шеберлік-сабақтар, көшпелі тәжірибелік практикумдар, семинарлар өткізіліп тұрады.

Биылғы оқу жылында Назарбаев Зияткерлік мектебінде қоғамда жаһандық құзіреттілікті дамыту мақсатында жоғары сынып оқушылары үшін «Біріккен Ұлттар ұйымы үлгісі» бойынша конференция өткізілді. Гимназия оқушылары «Үздік делегат», «Үздік спикер», «Үздік презентация» номинацияларын жеңіп қайтты. Сонымен бірге Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетімен білім мекемесі ынтымақтастық меморандумына қол қойды. Нәтижесінде оқушылар университет ғалымдарымен «Нанотехнология» ғылыми зертханасында зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік алды.



«Access» бағдарламасының грант иегерлері, ағылшын тілі пәнінің мұғалімдері қала бойынша әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларына English Access Microscholarship екіжылдық степендиялық бағдарламасы бойынша ағылшын тілінде базалық курс өткізді. Бұл курс бағдарламасында білім алушыларды шет елдің тарихи құндылықтарымен, мәдениетімен таныстыра отырып, олардың ағылшын тілінде оқу бағдарламаларына қатысуларына мүмкіндік жасады.

«Бейбітшілік корпусы» аясында АҚШ-тан келген тіл үйретуші еріктілер Биин Дон (2009-2011 оқу жылы), Кимбэрли Лини (2016-2017 оқу жылында) мектеп-гимназия оқушылар арасында «English Club» тобын ашып, интеллектуалды сабақтар, үйірмелер, мұғалімдерге арналған курс, семинарлар өткізді.

МЕКТЕП ТҮЛЕГІ – ЕЛ БОЛАШАҒЫ

Білім ордасында алған білімдері бәсекеге қабілетті, жоғары сапалы болуының нәтижесінде мектеп түлектері өз білімдерін шетелдік жоғары оқу орындарында жалғастыруда. Халықаралық «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелдің озық университеттері Ұлыбританияда білім алған Қ. Қипатов, А. Елтузерова, Б.Жолымова, Д. Бекешованы, Жапонияда Б. Сүлейменованы, Мәскеуде білім алған Д. Ахметованы мақтанышпен атап өтуге болады.

Қазіргі таңда мектеп-гимназия түлектері еліміздің әртүрлі сала-

ларында қызмет етуде. Олардың қатарларында PhD докторлары, ғылым кандидаттары, журналистер, өнер қайраткерлері бар: «Қазақстан» РТРК Ақпараттар Дирекциясының аға-редактор жүргізушісі, «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Г. Әлімгерей, «Қазақстан» РТРК АҚ тілшілер қорының үйлестіруші редакторы Д. Джайлаубаева, Ресей Ұлттық Зерттеу университеті даму бөлімінің директоры Н. Қиясов, ҚР Парламент мәжілісі аппаратының Ақпарат талдау бөлімінің директоры Ә. Нұржанова, ҚР Инвестициялар және даму министрлігі Автомобиль жолдар комитеті Жобаларды дайындау басқармасының басшысы А. Кәрімбаев, ҚР президенті әкімшілігінің ішкі саясат орталық бөлім басшысының орынбасары А. Утепов, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ бас маманы Қ.Кипатов, ӘЛ-Фараби атындағы ҚазҰУ университеті PhD докторы Ж. Бришева, «Әзіл әлемі» театрының актері Е. Төлеген және т.б.

БОЛАШАҚТЫҢ КЕПІЛІ – РУХАНИ ТӘРБИЕ

Елбасы ұсынған «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы – адамдардың әрқайсысының мүддесін, әрекетін, ұрпағының сабақтастығымен жалғасатын жарасымды үйлестіруге септесетін әмбебап формуласы. Осы идеяны жүзеге асыру мақсатында мектепте абайтану оқу кабинеті ашылды. Оқу кабинеті адамзаттың ақыл-ойы Абай Құнанбаевтың

мұрасын ұрпақ үшін таптырмас рухани қазына мен ұлттық тәрбиенің шамшырағындай ұстап жүрген абайтанушы, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Ердаулет Нағашыбайұлына арналған. Мұнда ақын мұрасын оқытудың іс-тәжірибесінен жинақталған ұстаздың зерттеу жұмыстары мен оқу-әдістемелік құралдары сақталынған. Мектеп-гимназия педагогтері осы жинақталған материалдарды оқу үрдісінде пайдалана отырып, оқушыларды рухани мұрадан тәлім-тәрбие алуға, өмірлік ұстаным етуге баулып келеді.

Осы идеяның жалғасын тапқан мектеп өмірі мен тарихын айшықтайтын мектеп мұражайының ашылуы еді. Бүгінгі таңда мұражай қорында 100-ден астам мәдени-ағарту мұралары мен жәдігерлер түрі бар. Сонау 1991 жылдан бергі білім ордасының тарихы, «мен мұндалаған» айғақтар оқушыларға тәрбие беру құралы болуымен қатар ұрпақтан-ұрпаққа аманат болып келе жатқан құнды дүниелер. Әдістемелік-педагогикалық мұражай жыл сайын педагогтер мен білім алушылардың жетістіктер қорымен толығып отырады.

Жас ұрпақтың бойында ұлттық рухани құндылықтарды қалыптастыра отырып, шығармашылық іс-әрекетке баулуда білім мекемесіндегі тәрбие жұмысының да орны ерекше. Кішілерге ересек топтардың басшылық етуі арқылы көшбасшылық қасиетін дамытуды көздеген, өз мақсат-мүдделері бар «Шамшырақ»

оқушылар қауымдастығы мектепте өтілетін іс-шараларға белсене қатысады. Оқушылардың шығармашылығын дамыту бағытында «Өнер» бөлімінде түрлі үйірмелер жұмыс жасайды: хор, вокал, хореография, шахмат, тоғызқұмалақ, сәндік-қолданбалы өнер және спорттық секциялар (жеңіл атлетика, үстел теннисі, гир спорты, футбол, волейбол, қыз-ұл балалар баскетбол). Оқушылардың бала жастан эмоциялық-құндылықтарын, сөйлеу мәдениетін дамытуда «Күншуақ» балалар театры үш жылдан бері жұмыс жасап келеді. Бұл театр ұжымы «Әлем.Талант.Старс» халықаралық өнер байқауының және «XXI ғасыр таланттары» балалар шығармашылық фестивалінің бас жүлдесін иеленді. Мектептің өнерлі оқушылары ән, хореография, аспапта орындау, бейнелеу өнері бойынша облыстық, республикалық байқауларда лауреат атағын алып, мектеп-гимназиясының мерейін арттыруда. Соның бір дәлелі – облыстық, қалалық деңгейде өткен «Жас толқын» өнер байқауынан хор ұжымының екі жыл қатарынан бас жүлдені жеңіп алуы.

Қазақтың домбыра дәуірін қайта жаңғырту мақсатында Елбасының Жарлығымен шілденің бірінші жексенбісі Ұлттық домбыра күні болып белгіленді. Осы орайда ұлттық аспабымызды оқушыларға насихаттау, үйрету, рухани тәрбиелеу үшін ашылған 2-4-сынып оқушыларына арналған «Домбыра» үйірмесінің

қайта жаңғыртылуы мектеп өміріне жаңа бір серпін әкелді. Домбыра үні мектебімізге рухани «қан жүгірткендей» болды. Республикалық «Мұрагер» бағдарламасы негізінде құрылған үйірмені тәжірибелі ұстаз, мектеп оркестрінің домбырашысы Сания Зиноллақызы Дүйсенғалиева жүргізеді.

Бүгінгі таңда мектеп ұжымының педагогикалық жүйесін құрастырудағы негізгі тақырыптарының бірі – педагогикалық қарым-қатынас және оқушы мен ата-аналар ұжымының тең құқылы серіктестігі. Оқушылар мен ата-аналар арасында дәстүрлі жұмыстар (Қамқоршылық кеңесінің жұмысы, сенбіліктер, «Мектепке жол», «Қайырымдылық» акциясы, скандинавиялық жүріс, спорттық шаралар, кездесулер, өнер байқаулары, конференциялар, ағарту жұмыстары, саяхаттар, мәдени ошақтарына бару) жыл сайын жаңғыртылып отырады. «Туған елге тағзым» идеясын жүзеге асыруда еліміздің тарихи маңызы бар жерлерге жыл сайын саяхаттар жасалады. Мектеп пен отбасының арасындағы мұндай қарым-қатынас баланы зерттеуге, дамытуға және бала бойындағы бар жақсы қасиеттерді ашуға мүмкіндік береді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашақта еңбек етіп өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары. Мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан жүктелетін міндет ауыр болады» деген сөзін мектеп-гимназия ұжымының әрбір ұстазы жауапкершілікпен сезінеді.

Маржанкүл ТОЙШЫМАНОВА,
Үш тілде оқытатын № 21 орта
мектеп-гимназиясының
директоры

АННОТАЦИЯ ○

Креативные и идущие в ногу со временем педагоги, талантливые и активные ученики, классы, оборудованные по последним требованиям – именно таким учебным заведением руководит Маржанкуль Тойшыманова, которая делится опытом становления одной из лучших лингвистических гимназий не только области, но и страны.

